

Кумарбекқызы Жанни

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары
Академиясының докторанты, құқық магистрі, zhanika-7@mail.ru

ЖАҢА ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАДАҒЫ АЙЫППҮЛДЫҢ ЖАЗАЛАУШЫЛЫҚ МӘНІ МЕН АЛДЫН АЛУШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Түйін. 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексіндегі айыппұл жазасын талдауға арналған мақаласында автор аталған мүліктік жазаны құқықтық реттеудегі және тағайындау тәжірибесіндегі жаңа үрдістерді көрсетеді. Айыппұл жазасының қолданылу аясын кеңейтудің объективтік алғышарттарын қарастырады, айыппұлдың жазалар жүйесіндегі орнын анықтайды, оның түзеу жұмыстарымен арақатынасын талдайды, қылмыстық жаза түрі ретіндегі жағымды және жағымсыз қырларын зерделейді. Парақорлық қылмыстары үшін пара сомасына немесе құнына еселеп саналатын айыппұлдың енгізілуіне орай құқық қалдану тәжірибесінде туындауы мүмкін мәселелерді көтеріп, оларды шешу жолдарын ұсынады.

Түйінді сөздер: жаза, айыппұл, мүліктік жазалар, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстар.

Резюме. В статье, посвященной анализу наказания в виде штрафа в Уголовном кодексе РК 2014 года, автор обозначает новые тенденции в правовой регламентации и практике назначения данного имущественного наказания. Рассматривает объективные предпосылки расширения сферы применения штрафа, определяет его место в системе наказаний, анализирует соотношение штрафа с исправительными работами, отмечает положительные и отрицательные стороны штрафа как вида уголовного наказания. Поднимает проблемы, которые могут возникнуть в правоприменительной практике в связи с введением за взятничество штрафа, кратного сумме или стоимости взятки, предлагает пути их решения.

Ключевые слова: наказание, штраф, имущественные наказания, исправительные работы, общественные работы.

Summary. In the article dedicated to analysis of the penalty in the Criminal Code of the RK of 2014, the author defines new tendencies in the law regulation and practice of this forfeiture imposing. The author considers the objective prerequisites of penalty application sphere extending, determines its place in the punishment system, analyses co-relation of a penalty with correctional treatment, notices positive and negative sides of a penalty as a criminal sanction. The author discusses the issues that might occur in law enforcement practice in connection with implementation of penalty for bribery that is equal to the sum or coast of a bribe, suggests the solutions.

Keywords: punishment, fine, property punishment, remedial work, public Works.

Айыппұлдың жазалаушылық мазмұнын сотталған адамнан мемлекеттің кірісіне ақша өндіріп алу арқылы оны мүліктік шектеулерге ұшырату құрайды, осы себепті айыппұлды «мүліктік жазалар», «сотталған адамның пайдакүнемдік уәждемесіне әсер ететін жазалар» қатарына жатқызады. Мамандардың барлығы айыппұлдың жазалаушылық әлеуетін сотталған адамның мүліктік құқықтары мен мүдделеріне қысым көрсетумен байланыстырады. Басқа мүліктік жазалардан айыппұл мүліктік шектеулердің ақшалай нысанда көрініс беруімен, «сотталған адамның қаржылық мүдделерін шектеуге бағытталғандығымен» [1; 75] ерекшеленеді.

Айыппұл сотталған адамға психологиялық тұрғыдан әсер етеді, мемлекет оның қылмысты әрекеттерін мінеумен қатар айтарлықтай мүліктік шектеулерге ұшыратады, осылайша пайдакүнемдік немесе өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаудың қауіптілігін, тиімсіздігін паш етеді.

Айыппұл қоғамдық қауіптілігі төмен қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрестің тиімді құралы болғандықтан, бұл жаза, әдетте, онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін

жауаптылық көздейтін баптардың санкциясына енгізіледі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы Қылмыстық кодексінде айыппұл ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін де көзделеді.

Қылмыстық құқықта кең тараған пікірге сай айыппұлды пайдакүнемдік қылмыстар үшін тағайындаған тиімдірек. Қылмыстық құқық оқулықтарының бірінің авторлары айыппұлды тек қана пайдакүнемдік қылмыстар үшін тағайындау – әділдікті қалпына келтіру қағидатының талабы деп жазады [2; 425]. Келтірілген ұстаныммен екі негіз бойынша келісуге болмайды: біріншіден, қылмыстық жазаны қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген материалдық зиянды қалпына келтіру құралы ретінде қарастыру қылмыстық құқықтың жария сипатына кереғар келеді; екіншіден, қылмыстық заң айыппұлды тек қана пайдакүнемдік қылмыстар үшін көздемейді, Қылмыстық кодексте пайдакүнемдік емес қасақана, тіпті абайсыз қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін айыппұл көзделетін жағдайлар көптеп саналады. Жаза тағайындау тәжірибесін зерттеген ғалымдар айыппұл ең жиі тағайындалатын қылмыстардың қатарында денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруді, ұрып-соғуды,

ұрлықты, алаяқтықты, салық төлеуден жалтаруды және пара беруді атайды [1; 82].

2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімі баптарының жартысынан астамында (58 пайызында) айыппұл жазасы көзделген. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар тарауының айыппұл жазасын көздейтін баптарының үлес салмағы 94 пайызды құраса, Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар тарауы баптарының барлығы (100 пайыз) айыппұл жазасын көздейді.

Айыппұл жазасының қолданылу аясын осылайша кеңейтуге себепші болған объективтік факторлар қандай? Біздің ойымызша, бұл сұрақтың жауабын қоғам өмірінің әлеуметтік шарттарынан іздеу керек. Заманауи қоғамдарды «тұтыну қоғамы» деп атауға алып келген материалдық қажеттіліктері мен мүдделері рөлінің еселеп артуы айыппұл жазасын кеңінен қолданудың әлеуметтік алғышарты болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда пайдәкінемдік ниетпен жасалған немесе жеке тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің материалдық мүдделерін құрметтемеумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдың көзделуі орынды. Жауапсыздық, зейінсіздік салдарынан жасалатын, жүріс-тұрыс ережелерін сақтамаумен ұштасатын абайсыз қылмыстар үшін де айыппұлдың көзделуі жаза мақсаттарына лайық болып келеді. Айыппұлға сотталғандар арасында қайталану деңгейінің төмен болуы да айыппұлдың тиімділігінің объективтік көрсеткіші болып табылады.

Өкінішке орай, айыппұл сот тәжірибесінде сирек тағайындалатын жазалар қатарынан саналады. Айыппұл 2012 жылы 354 адамға (сотталғандардың 1,6 пайызына), 2013 жылы – 657 адамға (сотталғандардың 2,7 пайызына), 2014 жылы – 872 адамға (сотталғандардың 3,5 пайызына) ғана тағайындалған [3]. Жалпы санының мардымсыз болғанына қарамастан, айыппұлды тағайындау динамикасындағы оң өзгерістер байқалады: 2014 жылы 2012 жылмен салыстырғанда айыппұлдың жазалар құрылымындағы үлес салмағы екі еседен астам өскен.

Әлемде айыппұл мөлшерін есептеудің түрлі тәсілдері кездеседі. Біздің елде Кеңес заманындағы қылмыстық заңдарда айыппұлдың нақты сомасы көрсетілетін. Тәуелсіз Қазақстанның қылмыстық заңнамасында 2011 жылға дейін айыппұл мөлшерін есептеудің екі тәсілі көзделіп келді: а) айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде; ә) сотталған адамның жалақысының немесе екі аптадан бір жылға дейінгі кезеңдегі өзге де табысының мөлшерінде. Сот тәжірибесінде айыппұл мөлшерін есептеудің екінші тәсілі мүлде қолданылмайтындықтан, ғалымдар одан бас тарту-

ды ұсынған болатын [4; 15]. 2011 жылғы 9 қарашадағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен отандық заңшығарушы айыппұлды сотталған адамның жалақысының немесе белгілі бір кезең ішіндегі өзге де табысының мөлшерінде есептеу тәсілінен бас тартты.

2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексі бойынша айыппұл қылмыстық теріс қылықтар үшін де, қылмыстар үшін де тағайындалатын бір реттік негізгі жаза түріне жатады. Қылмыстық теріс қылықтар үшін айыппұл айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен бес жүзге дейінгі шегінде, ал қылмыстар үшін – айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден он мыңға дейінгі шегінде тағайындалады. Айыппұл мөлшерін есептегенде қылмыстық іс қозғалған немесе үкім шығарылған кездегі айлық есептік көрсеткіштің мөлшері емес, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кездегі айлық есептік көрсеткіштің мөлшері басшылыққа алынады.

Кәмелетке толмағандарға айыппұл айлық есептік көрсеткіштің оннан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде тағайындалады (ҚР ҚК 81-баб. 3-бөл.). Көріп отырғанымыздай, айыппұлдың мөлшері кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтың түріне (теріс қылық немесе қылмыс) тәуелді емес. Біздің ойымызша, қоғамдық қауіптілік дәрежесі әртектес қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға айыппұл жазасының бірдей мөлшерінің көзделуі әділдік қағидасына кереғар келеді.

Қарастырылып отырған жаза түрін кәмелетке толмағандарға қолданудың орындылығына қатысты күмән келтіретін ғалымдар бар. Мысалы, Б.С. Никифоров пен Ф.М.Решетников былай деп жазады: «кәмелетке толмағандарға айыппұл қолдану оларға түзетушілік ықпал ету үшін жеткіліксіз болып табылады, өйткені жазаның бұл түрін олардың өздері емес, ата-анасы, өзге де жақын туысқандары немесе қылмыстық құрылымдардың ұйымдастырушылары атқарады» [5; 153].

Отандық қылмыстық заңнамада жазаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысы жоқ үшінші адамдарға келеңсіз әсер етуіне жол бермеу қағидаты сақталады. Заң бойынша айыппұл кәмелетке толмаған сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады (ҚР ҚК 81-баб. 3-бөл.). Келтірілген заңнамалық ереже айыппұл төлеу міндетінің кәмелетке толмағандардың ата-анасының немесе басқа да адамдардың мойнына жүктелуіне жол бермейді.

Айыппұл жаңа қылмыстық заңнамада мазмұны түбегейлі өзгерістерге ұшырамаған жаза түрлерінің қатарына кіреді. Дегенмен, 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексі: а) айыппұлды балама (негізгі

де, қосымша да жаза ретінде қолданылатын) жазалар қатарынан негізгі жазалар қатарына көшірді; ә) айыппұлды пара сомасына немесе құнына еселеп есептеу мүмкіндігін көздеді.

Айыппұл мөлшерін пара сомасына немесе құнына еселеп санау тәсілі тек қана ҚР ҚК 366, 367, 368-баптарында көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қатысты қолданылады. Бір жағынан, парақорлық қылмыстары үшін бас бостандығынан айыру жазасына балама ретінде айыппұлдың көзделуі құлтарлық жайт және қылмыстық-құқықтық саясаттың Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген «бас бостандығынан айырумен байланысты емес қылмыстық жазалауды қолдану саласын кеңейту», «айыппұл салуды қылмыстық жазалаудың тиімді түрі ретінде айқындау және оны қолдануды кеңейту» бағыттарына жауап береді. Осылайша, жаңа қаржылық-экономикалық жағдайда бас бостандығынан айырудың орнын пара сомасына еселенген айыппұл басып отыр. Сыбайлас жемқорлық өршіп тұрған тұста мемлекет парақорлық қылмыстармен күресте оларды жасауды экономикалық тұрғыдан тиімсіз ететін жазалау шарасы әлдеқайда нәтижелі болады деп тапты.

Ал мәселеге басқа қырынан қарасақ, пара сомасына немесе құнына еселеп саналған айыппұл мөлшері әділдік қағидасына, жаза мақсаттарына әрқашан сай келе бермейді. Пара сомасына немесе құнына еселеп саналған миллиондаған теңгелік айыппұлды төлеу кейде мүлде мүмкін емес, не оны төлеген жағдайда сотталған адам күнін көру мүмкіндігінен айырылады. Н.В.Бугаевская осындай айыппұлды жазалаушылық әсері бойынша мүлікті толық тәркілеуге теңестіреді [6; 45]. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін міндетті қосымша жаза ретінде мүлікті тәркілеу көзделетінін ескерсек, айыппұл төлеген сотталған адамның жағдайы қаншалықты мүшкіл болатынына көзіміз жетеді.

Айыппұлды пара сомасына еселеп санау тәжірибесі парақорларды қылмыс жасаудан айынытқанды былай қойғанда, оларды іс жүзінде жаңа қылмыс жасауға итермелеуі мүмкін. Парақорлық үшін сотталған адам сыбайлас жемқорлық жолмен табылған ақша қаражатын банк мекемесіндегі соттың депозиттік есеп-шотына айыппұл ретінде төлеу арқылы қылмыстық жолмен алынған ақшаны заңды айналымға тартады, басқа сөзбен айтқанда, ҚР ҚК 218-бабында көзделген қылмыстың объективтік жағын орындайды – «Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату)». Әрине, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», 2009 жылғы 28 тамыздағы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы

іс-қимыл туралы» Заңдары лауазымды адамдарды активтері мен міндеттемелері туралы, кірістері мен мүлкі туралы декларация тапсыруға міндеттейді, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен қолма-қол нысанда жасалған операцияларға қаржы мониторингін жүргізуді көздейді. Соған қарамастан, ресми табыстары мардымсыз шенеуніктердің айыппұлдың астрономиялық сомаларын төлеуі, олардың қаржылық мониторинг тетіктерін оңай айналып өтетінін көрсетеді. Мысалы, ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігінің бұрынғы төрағасы М. Оспановқа ҚР ҚК 366-баб. 5-бөлігі бойынша 1 миллиард 101 миллион 60 мың теңге айыппұл тағайындалып, 2015 жылдың 12 қазанында сотталушы айыппұл сомасын толығымен мемлекет қазынасына төлегені [7] айтылғандардың айшықты дәлелі бола алады.

Парақорлық қылмыстар туралы нормалардың санкциясында бас бостандығынан айыру жазасымен қатар айыппұлдың көзделуі қылмыстық заңды ізгілендіру саясатымен үйлескенімен, жазаның болмай қоймайтындығы қағидасына кереғар келеді. Көршілес Ресейде айыппұл мөлшерін пара сомасына еселеп санау тәжірибесі тағайындалған жазалардың іс жүзінде орындалмауына алып келді.

Қазақстан Республикасында да осыған ұқсас үдерістер байқалады: 2015 жылдың 10 айында ел көлемінде парақорлық үшін сотталғандардың 76 пайызына (196 адамға) 2,8 миллиард теңгенің айыппұлы тағайындалған. Тағайындалған айыппұлды дер кезінде төлей алмаған 14 адамға айыппұлды кейінге қалдыру туралы шешім қабылданған, мерзімі өтіп кеткен айыппұлдар бойынша 71 орындау парағы шығарылған, ал 3 адамға қатысты айыппұл бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылған. Мысалы, ОҚО Ордабасы аудандық сотының қаулысымен 9 млн. теңгенің айыппұлы 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасымен алмастырылған. Айыппұлды кейінге қалдыру туралы өтініш білдіргендердің біреуі – 33 млн. теңге айыппұлға кесілген Б. – құны 65 млн. теңге тұратын жер телімін сату үшін уақыт беруді сұраған. Сот бұл өтінішті қанағаттандырып, айыппұл төлеуді төрт айға кейінге қалдырған [8].

Айыппұл туралы үкімдердің іс жүзінде орындалмауы Ресей заңшығарушысын еселенген айыппұлдың шекті мөлшерін белгілеуге (2013 жылғы 28 маусымдағы Федералдық Заңға сай еселенген айыппұл сомасы 500 млн. рубльден аспауы керек), еселенген айыппұлдың минималдық мөлшерін төмендетуге (25-тен 10-ға дейін), айыппұлды ерікті түрде төлеу мерзімін 60 күнге дейін, кейінге қалдыру мерзімін бес жылға дейін ұзартуға мәжбүр етті [9]. Біздің пайымдауымызша, жуық арада Қазақстанда да осындай шараларды қолға алу қажеттігі туындауы мүмкін.

Еселенген айыппұлдың қарсыластары бұл шарадан мүлде бас тартпай, оны мүлікті тәркілеу

жазасының орнына дербес жаза түрі ретінде көздеуге болады деп санайды. Ресей заңгерлері өз елдеріндегі мүлікті тәркілеу жазасының дағдарысын ескере отырып, сыбайлас жемқорлықпен күресте еселенген айыппұл жазасы мүлікті тәркілеумен салыстырғанда әлдеқайда тиімді болуы мүмкін деген пікір айтады [10].

Қылмыстық теріс қылықтар туралы нормалардың санкциясында айыппұл, әдетте, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, камаққа алу сияқты жеңілрек жаза түрлерімен, ал қылмыстар туралы санкцияларда түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру сияқты ауырырақ жаза түрлерімен қатар көзделеді.

ҚР ҚК Ерекше бөлімі баптарының санкциясында ең жиі ұшырасатын жұп – айыппұл мен түзеу жұмыстары. Айыппұлдың түзеу жұмыстары түріндегі жазамен бірқатар ұқсас тұстары бар. Түзеу жұмыстары Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңнамасында айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жаза түрлерінің қатарына жатады. Қазір түзеу жұмыстарының жазалаушылық мазмұнын сотталған адамның жалақысынан айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде мемлекет кірісіне ақша өндіріп ала отырып, оны негізгі жұмыс орны бойынша еңбекке тарту және сотталған адамның жалақысының (ақшалай үлесінің) жиырмадан қырық пайызға дейінгі мөлшерін ай сайын мемлекет кірісіне аударып отыру құрайды (ҚР ҚК 42-бабы). Демек, түзеу жұмыстары тағайындалған адам да мүліктік шектеулерге ұшырайды.

Түзеу жұмыстары сот тәжірибесінде мүлде тағайындалмайды деуге болады, оның 2014 жылы тағайындалған жазалар құрылымындағы үлесі тек 0,16 пайызды (40 адам) құраған [3]. Оның сирек тағайындалуының себебі – заң бұл жаза түрін еңбекке қабілетсіз адамдарға, тұрақты жұмысы жоқ немесе өндірістен қол үзіп оқу орындарында оқитын адамдарға қолдануға жол бермейді.

Түзеу жұмыстары да айыппұл сияқты қылмыстық теріс қылықтар үшін де, қылмыстар үшін де тағайындалатын негізгі жаза түріне жатады. Түзеу жұмыстарының айыппұлмен ұқсастығын арттыратын тағы бір жайт – олардың мөлшерлерінің бірдей болуы: қылмыстық теріс қылықтар үшін түзеу жұмыстары айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен бес жүзге дейінгі шегінде, ал қылмыстар үшін – айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден он мыңға дейінгі шегінде тағайындалады. Түзеу жұмыстары айыппұл сияқты кәмелетке толмағандарға да қолданылады.

Көріп отырғанымыздай, мөлшері, жазалаушылық қасиеті бойынша түзеу жұмыстары айыппұлға өте ұқсас болып келеді, бірақ айыппұл бір реттік жаза болса, түзеу жұмыстары белгілі бір уақыт аралығында өтелетін мерзімдік жаза болып табылады. Олай болса, қазіргі түзеу жұмыстарын

шартты түрде «бөліп төленетін айыппұл» деп атауға да болады.

В.С. Минская қылмыстық заңнаманың санкцияларында ең жеңіл жаза болып табылатын айыппұл мен ең ауыр жаза болып табылатын бас бостандығынан айырудың қатар көзделуін сын астына алып, бұл тәжірибеде айыппұлдың негізсіз жиі қолданылуына алып келуі мүмкін деп қауіптенеді [11; 20]. В.К. Дуюнов осындай санкциялардың зияндылығын қарама-қарсы сипаттағы жайтпен байланыстырады, оның пайымдауынша, аталған жазаларды қатар көздеу онша ауыр емес немесе орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін бас бостандығынан айырудың шамадан тыс жиі қолданылуына себепші бола алады [1; 76].

ҚР ҚК Ерекше бөлімі баптарының санкциясында айыппұл мөлшері жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесіне сай жіктеледі. Нақты жағдайларда айыппұл мөлшерін жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығын және сотталған адамның мүліктік жағдайын ескере отырып, сот айқындайды (ҚР ҚК 41-баб. 2-бөл.). В.Д. Филимоновтың айтуынша, келтірілген заңнамалық ереженің ерекше маңызы бар: бұл талап «соңғы жылдары орын алған адамдардың мүліктік жағдайы бойынша терең жіктелуін есепке алады, онсыз айыппұл түріндегі жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзеу және жаңа қылмыстардың алдын алу мақсаттарының іске асуын қамтамасыз ете алмайды» [12; 104].

И.М. Гальперин айыппұлдың жазалаушылық әсерінің көлемін мемлекеттің пайдасына алынатын ақша сомасының мөлшерімен байланыстырады. Айыппұл құқықтың өзге салаларында да қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болғандықтан, ғалымның пікірінше, оның мөлшері жалпы және арнайы алдын алу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ете алатындай пәрменді және сотталған адам да, айналадағылар да оны қылмыстық жаза ретінде қабылдайтындай болуы керек [13; 141]. Дегенмен айыппұл мөлшері сотталған адам үшін шамадан тыс, оны жұтатып, жоқшылыққа ұшырататындай да болмауы керек. Бұл жерде А.Э. Жалинскидің негізді пікіріне қарсы дау айту қиын: «Айыппұл өтеуін беріп жазадан құтылып кетудің құралына да, сотталған адамды жұтатудың құралына да айналмауы керек» [14; 132].

Қылмыстық заңнамада көзделген жаза түрлері бір-бірінен құқықтық шектеулердің көлемі бойынша ерекшеленеді. Өз кезегінде құқықтық шектеулердің көлемі жаза түрлерін қаталдық дәрежесіне қарай жіктеуге мүмкіндік береді. Отандық заң шығарушының ұстанымы бойынша, біздің жазалар жүйесіндегі ең қатал жаза өлім жазасы болса, ең жеңіл жаза – айыппұл. Кейбір ғалымдар айыппұлдың жазалар жүйесіндегі орны дұрыс анықталмаған деп санайды. Мысалы, Б.А.Кулмуханбетова

1997 жылғы Қылмыстық кодекстегі жазалар жүйесінде айыппұл мен қоғамдық жұмыстарға тарту жазаларының орнын ауыстыруды ұсынған болатын [4; 15]. Демек, ғалымның пікірінше, құқықтық шектеулердің көлемі бойынша айыппұл белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырудан да, қоғамдық жұмыстарға тартудан да қаталырақ жаза.

Жаңа қылмыстық заңнамада белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру «таза» қосымша жазалардың қатарына ауыстырылды, сондықтан бұл жазаны айыппұлмен салыстыру қажеттігі жойылды. Ал айыппұл жазасының аясында сотталған адам басынан өткеретін құқықтық шектеулердің көлемі қоғамдық жұмыстарға тартумен салыстырғанда ауқымдырақ екендігімен біз келісеміз. Бірақ 2014 жылғы Қылмыстық кодексте қоғамдық жұмыстарға тартудың да жазалаушылық мазмұны қайта қаралғанын айтпай кетуге болмайды. Ескі қылмыстық заңнама бойынша осы жазаға сотталған адамдар қоғамдық пайдалы жұмыстарды негізгі жұмысынан бос уақытта орындауға тиіс болатын, жаңа заңнама бойынша қарастырылып отырған жазаны өтеу кезінде сотталғандар негізгі жұмыс орнындағы еңбек міндеттерін орындаудан босатылады. Олай болса, жаңа заңнама сотталған адамдарды негізгі жұмыс орнындағы жалақысынан айыру есебінен қоғамдық жұмыстарға тар-

тудың жазалаушылық әлеуетін күшейтіп отыр. Соған қарамастан, айыппұлдың заңнамада көзделген мөлшерлері оны бас бостандығынан шектеу жазасымен салыстырғанда қаталырақ жаза деп бағалауға негіз береді.

Қысқаша талдау көрсеткеніндей, айыппұл жазасының жағымды жақтары көптеп саналады:

- қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға шектен тыс қатал шараларды қолданбай-ақ тиімді ықпал етеді;
- бас бостандығынан айыру жазасының қолданылу аясын шектеп, түрме халқының санын азайтады;
- жазаны атқарудың арнайы жүйесін қажет етпейді;
- мемлекеттік бюджетті толықтыру көзі болып табылады.

Дегенмен, айыппұлдың дербес жаза түрі ретінде жағымсыз қыры да бар. Айыппұлдың тиімділігін төмендететін жайттардың қатарында халықтың мүліктік жағдайының бірдей болмауы салдарынан, бұл жаза түрінің сотталғандардың барлық санатына қолданыла алмауын атауға болады. Айыппұл мен бас бостандығынан айырудың бір-біріне балама ретінде көзделуі бірдей қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кедейлерге – бас бостандығынан айырудың, байларға – айыппұлдың тағайындалуына алып келуі мүмкін.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Дуюнов В.К. Проблемы уголовного наказания в теории, законодательстве и судебной практике. – Курск: РОСИ, 2000. – 504 с.
- 2 Уголовное право. Общая часть. /Под ред. Н.И. Ветрова, Ю.И. Ляпунова. – М.: Новый юрист, 1997. – 704 с.
- 3 Аналитическая справка об отправлении правосудия по уголовным делам судами республики за 2014 год. //URL: //http://sud.gov.kz/rus/content/za-2015-god.
- 4 Құлмуханбетова Б.А. Имущественные наказания по уголовному праву Республики Казахстан. Автореф. дисс. ... к.ю.н. – Алматы, 2004. – 25 с.
- 5 Никифоров Б.С., Решетников Ф.М. Современное американское уголовное право. – М.: Наука, 1990. – 153 с.
- 6 Бугаевская Н.В. Назначение наказания в виде штрафа, кратного сумме взятки, как отражение антикоррупционной политики в новых финансово-экономических условиях //Известия Тульского государственного университета. Экономические и юридические науки. – 2014. – №2-2. – С.43-49.
- 7 <http://today.kz/news/proisshestiya/2015-10-14/700081-700081-byivshij-glava-arem-murat-ospanov-oplatil-shtraf-v-polnom-obeme/>
- 8 <http://today.kz/news/kazahstan/2015-11-04/701878-kak-shtrafuyut-za-vzyatki-v-kazahstane/>
- 9 <http://www.ugolkod.ru/statya-46>
- 10 <http://vz.ru/politics/2010/4/6/390264.html>
- 11 В.С. Минская. Дифференциация уголовной ответственности в УК РФ. – Уголовное право. – 1998. – №3. – С.18-24.
- 12 Комментарий к Уголовному кодексу Российской Федерации. /Под ред. Н.Ф. Кузнецовой. – М.: Зерцало, 1998. – 878 с.
- 13 Гальперин И.М. Наказание: социальные функции, практика применения. – М., 1983. – 208 с.
- 14 Комментарий к УК РФ. Общая часть. – М.: ИНФРА М-НОРМА, 1996. – 586 с.